

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК АССОЦИАЦИЯЛАРМЕН, АЛЪЯНСТАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының халықаралық ассоциациясы – (МАПРЯЛ) орыс тілі мен әдебиетін әлемдік мәдениеттің бір бөлігі ретінде игеру және дамыту, сақтау, кеңінен тарату мақсатында құрылған үкіметтік емес қоғамдық бірлестік.



«British Council» - Біріккен Корольдіктің білім беру және мәдени байланыстар саласындағы халықаралық ұйымы.

British Council Ұлыбритания және басқа елдердің халықтары арасындағы өзара тәжірибе алмасу және өзара түсіністікті нығайтуға ықпал жасайды. British Council мәдениет және өнер, ағылшын тілі, білім беру және азаматтық қоғамды дамыту саласында әлемнің 100-ден аса елінде жұмыс жасайды.

British Council – Қазақстанда 1994 жылдан бері Алматы және Астана қалаларында жұмыс жасайды және Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы екіжақты қарым-қатынастың маңызды бөлігі. Қазақстанда жыл сайын мыңдаған студент, оқытушы, саясат қайраткері, ғылыми қызметкер, зерттеуші, шығармашылық өкілдерімен өзара байланыс орнатқан.



Біріккен Ұлттар Ұйымы «Академиялық орталармен өзара қарым-қатынас» (UNAI) Қоғамдық ақпарат департаменті – Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарын қолдау үшін жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты арттыруға бағытталған Бас хатшының жаһандық бастамасы. Баишев Университеті – 2015 жылдың желтоқсанынан бері бұл ұйымның мүшесі. Бастамаға қатысу университетке біртұтас жаһандық қоғам алдындағы интеллектуалдық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында іс-шараларды ұйымдастыру және зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша белсенді жұмыс істейтін студенттер мен ғалымдардың өсіп келе жатқан желісіне ұйым мүшелігінің барлық артықшылықтарын береді.




«ТМД елдері арасындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша автономды коммерциялық емес ұйым: «Еуразия халықтары достастығы» 2014 жылы мамырда құрылған.

Оның қызметінің мақсаты – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер арасындағы интеграциялық үдерістерді қолдау.



«Академиялық қызмет қауымдастығы» ассоциациясы (Сербия). Мақсаты – ТМД елдері, Балқан түбегі, Еуропа және АҚШ-тағы әріптестедің кәсіби дағдыларын, қарым-қатынасын, коммуникациясын жетілдіру және дамыту, озық тәжірибелермен өзара алмасу.



Түркі Халықтары Ғылым Академиясының Қоры (АНТН). Түркі халықтары академиясының қоры түркі әлемінің мәдени-өркениеттік қазынасын барлық даму аспектілерінде сақтап, жаңа ұрпаққа жеткізуге қызмет ететін болады.

Дүние жүзінің түкпір-түкпіріндегі бауырлас және туысқан қоғамдастықтың ғылым әкімшілерінен құралған Қор көпсалалы ғылымдар саласында (әлеуметтану, антропология, фольклор, география, этнография, этнология, тарих, өнер, экономика және т.б.) академиялық мақсаттар қояды.